Камералдық бақылау нәтижелері бойынша
анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018-03-29 20:57:16 № 26845

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015-11-30 № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес 2018-03-29 20:57:16 анықталған бұзушылықтарды "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ, 080140013019, Дәулет а. хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы хабарламаны оны берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Мынадай жағдайларда камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалды деп танылады:

- келіскен жағдайда – осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес хабарлама жіберген Комитетке немесе аумақтық бөлімшеге қағаз немесе электрондық тасығышта бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, хабарламада көрсетілген бұзушылықтарды жою;

- келіспеген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісінің Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ұсынған қарсылықты қарау нәтижелері бойынша Комитеттің оң қорытындысы.

Қағиданың 14 тармағына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген Комитеттің аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, Ішкі мемлекеттік аудит комитетке хабарлама берілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес қарсылық жіберуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

Руководитель Қасымов Сакен Жұмағалиұлы

2018-03-29 20:57:16 № 26845 хабарламаға қосымша

Хабарламаның №: 2247089-1

Лоттың № 17499881-ОК1

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 санды бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына 4, 5 тармақтарына сәйкес, камералдық бақылауды Комитет және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстырып тексеру жолымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелері бойынша, Заңның 30-бабына сәйкес және осы Қағидада белгіленген тәртіпте мемлекеттік аудит объектісіне бармай тұрақты негізде жүргізеді. Камералдық бақылау жүргізудің мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, мемлекеттік аудит объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады. Камералдық бақылау жүргізу нәтижесімен ұйымдастырушының тарапынан №2247089-1 санды «Услуги автобусов по городским и пригородным перевозкам пассажиров по расписанию», жөніндегі жарияланған мемлекеттік сатып алудың электрондық ашық конкурсы бойынша, (хабарландыру 29.01.2018 жылы, қорытындысы туралы хаттама 12.03.2018 жылы жарияланған) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң нормалары сақталмай, мемлекеттік сатып алудың қорытындысына ықпал ететін жалпы сомасы 8 462 814.28 теңгеге бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 санды «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығының 273-тармағында балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі: 1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар; 2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар; 3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрсекел бұзбаған. Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434-V санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (одан әрі - Заң), 9-бабының 1-тармағының 4-тармақшасында, әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы делінген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 санды «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары туралы» бұйрығының (одан әрі - Қағида) 150-тармағында, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа) қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер кокнурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Яғни, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелінде шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін (жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар) талап етілген болатын. Алайда, конкурс комиссия тарапынан жоғарыда көрсетілген заңнама талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші ЖК «Далмаганбетова» шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін ЖК «Далмаганбетова» автобус жүргізуші ретінде А.Нургожаевтың жұмысқа қабылданған уақыты 29.08.2013 жыл және К.К.Шахабаевтың

жұмысқа 01.09.2013 жылы қабылданғаны анықталды. Жалғанды:29.08.2013 жылғы №3 санды, 01.09.2013 жылғы №4 санды бұйрықтар және 29.08.2013 жылғы №6 санды, 01.09.2013 жылғы №8 санды келісім шарттар. Бұдан басқа, ЖК «Далмаганбетова» жұмысқа қабылдаған жүргізушілерінің көрсетілген еңбек кітапшасында А.Нургожаевтың 01.06.2010 жылы және К.К.Шахабаевтың 01.02.2010 жылы ЖК «NOMAD» жұмысқа қабылданған. Алайда, ЖК «NOMAD» Мемлекеттік кірістер органында 18.10.2012 жылы тіркелгені анықталды. Қағиданың 150-тармағының 1) тармақшасында әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) егер біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса конкурсқа жіберілмейді делінген. Ұйымдастырушы тарапынан жоғарыда көрсетілген заңнама талаптары сақталмай, ЖК «Далмаганбетова» конкурсқа негізсіз жіберілгені анықталды. Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті төрағасының 30 қараша 2017 жылғы №214 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алу саласындағы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылау жүргізу туралы» Нұсқаулығының 10-қосымшасының №26 бейіні (4-бағыт) бойынша бұзушылықтар анықталды.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля

2018-03-29 20:57:16 № 26845

Республиканское государственное учреждение "Департамент внутреннего государственного аудита по Мангистауской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее - Закон) и пунктом 11 «Правил проведения камерального контроля, утвержденных Приказом Министра финансов Республики Казахстан от 2015-11-30 № 598 уведомляет ГУ "Аппарат акима сельского округа Даулет", 080140013019, с.Даулет о нарушениях, выявленных 2018-03-29 20:57:16.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Исполнением уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, признается:

- в случае согласия - устранение нарушений, указанных в уведомлении с обязательным представлением на бумажном или электронном носителе информации об устранении нарушений в Комитет финансового контроля или его территориальное подразделение, направившие уведомление и при необходимости подтверждающих документов;

- в случае несогласия – положительное заключение Комитета финансового контроля по результатам рассмотрения возражения, представленного объектом государственного аудита в соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 37 Закона.

В соответствии с пунктом 14 Правил, объект государственного аудита в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении вправе направить в Комитет с одновременным извещением территориального подразделения Комитета, направившего уведомление, возражение согласно приложению 3 к Правилам, в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения (получения) уведомления.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

Руководитель Қасымов Сакен Жұмағалиұлы

Приложение к уведомлению № 26845

от 2018-03-29 20:57:16

№ объявления: 2247089-1

№ лота 17499881-ОК1

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 санды бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына 4, 5 тармақтарына сәйкес, камералдық бақылауды Комитет және оның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстырып тексеру жолымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелері бойынша, Заңның 30-бабына сәйкес және осы Қағидада белгіленген тәртіпте мемлекеттік аудит объектісіне бармай тұрақты негізде жүргізеді. Камералдық бақылау жүргізудің мақсаты бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, мемлекеттік аудит объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру және мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені төмендету болып табылады. Камералдық бақылау жүргізу нәтижесімен ұйымдастырушының тарапынан №2247089-1 санды «Услуги автобусов по городским и пригородным перевозкам пассажиров по расписанию», жөніндегі жарияланған мемлекеттік сатып алудың электрондық ашық конкурсы бойынша, (хабарландыру 29.01.2018 жылы, қорытындысы туралы хаттама 12.03.2018 жылы жарияланған) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң нормалары сақталмай, мемлекеттік сатып алудың қорытындысына ықпал ететін жалпы сомасы 8 462 814.28 теңгеге бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы №349 санды «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығының 273-тармағында балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі: 1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар; 2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар; 3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрсекел бұзбаған. Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434-V санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (одан әрі - Заң), 9-бабының 1-тармағының 4-тармақшасында, әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы делінген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 санды «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары туралы» бұйрығының (одан әрі - Қағида) 150-тармағында, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа) қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер кокнурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Яғни, конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелінде шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін (жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар) талап етілген болатын. Алайда, конкурс комиссия тарапынан жоғарыда көрсетілген заңнама талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші ЖК «Далмаганбетова» шарт бойынша

міндеттемелерді орындау үшін ЖК «Далмаганбетова» автобус жүргізуші ретінде А.Нургожаевтың жұмысқа қабылданған уақыты 29.08.2013 жыл және К.К.Шахабаевтың жұмысқа 01.09.2013 жылы қабылданғаны анықталды. Жалғанды:29.08.2013 жылғы №3 санды, 01.09.2013 жылғы №4 санды бұйрықтар және 29.08.2013 жылғы №6 санды, 01.09.2013 жылғы №8 санды келісім шарттар. Бұдан басқа, ЖК «Далмаганбетова» жұмысқа қабылдаған жүргізушілерінің көрсетілген еңбек кітапшасында А.Нургожаевтың 01.06.2010 жылы және К.К.Шахабаевтың 01.02.2010 жылы ЖК «NOMAD» жұмысқа қабылданған. Алайда, ЖК «NOMAD» Мемлекеттік кірістер органында 18.10.2012 жылы тіркелгені анықталды. Қағиданың 150-тармағының 1) тармақшасында әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) егер біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеу фактісі анықталса конкурсқа жіберілмейді делінген. Ұйымдастырушы тарапынан жоғарыда көрсетілген заңнама талаптары сақталмай, ЖК «Далмаганбетова» конкурсқа негізсіз жіберілгені анықталды. Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті төрағасының 30 қараша 2017 жылғы №214 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алу саласындағы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның камералдық бақылау жүргізу туралы» Нұсқаулығының 10-қосымшасының №26 бейіні (4-бағыт) бойынша бұзушылықтар анықталды.